

Қазақстан Республикасының Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде білім алушы - жас музыканттардың 48-ші республикалық фестиваль-конкурсын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінің білім алушылары - жас музыканттардың 48-ші республикалық фестиваль-конкурсын өткізу ережелері (бұдан әрі – Конкурс) оның мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Конкурс балалар музыка мектептері және өнер мектептеріндегі музыкалық дарынды білім алушылар мен талантты шығармашыл ұжымдарды анықтау және оларға қолдау көрсету, олардың шығармашылық белсенділіктері мен кәсіби бағдарын ынталандыру мақсатында өткізіледі.

3. Конкурстың міндеттері:

жас музыканттардың эстетикалық, адамгершілік және патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, әлемдік және отандық көркемөнер мәдениетінің дәстүрлеріне жеке қызығушылығын ояту;

балалардың әр түрлі музыкалық аспаптарда орындауын насихаттау, музыкаға әуестенген ұжым түрлерін жетілдіру және дамыту, білім алушылардың мүмкіндіктерін кеңейту және қоғамға таныту;

балалар музыка, өнер мектептерін дамыту, білім алушылардың шығармашылық тұлғаларын дамыту және оқыту, тәрбиелеу жұмыстарында олардың рөлін арттыру;

республикадағы музыкалық-педагогикалық білім берудің сапасын арттыру, ұжымдар мен педагогтар арасында тәжірибе алмасуға ықпал жасау, кәсіби және мәдени байланыстарын нығайту.

4. Конкурсты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы өткізеді.

2. Конкурсқа қатысушылар

5. Конкурс Балалар музыка мектептері мен өнер мектептеріндегі ішекті-ысқылы аспаппен ойналатын, үрлемелі және соқпалы аспаптар сыныптарында білім алатын жас музыканттар арасында өтеді. Конкурсқа облыстық, қалалық (Астана және Алматы) конкурстардың жеңімпаздары қатысады.

6. Конкурсқа әр өңірден қатысушылар саны – 9 солист, 2 ұжым: ішекті-ысқылы аспаптар ансамблі (8-12 адам), үрлемелі және соқпалы музыкалық аспаптар ансамблі (8-18 адам).

3. Конкурсты өткізу тәртібі

7. Конкурстың республикалық кезеңін дайындау және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

8. Конкурстың кезеңдері:

1) солистер конкурсы 3 кезеңде өткізіледі: мектепшілік, облыстық (қалалық – Астана, Алматы) және республикалық. Ұжымдардың конкурсы 2 кезең бойынша: облыстық (қалалық – Астана, Алматы) және республикалық;

2) конкурстың облыстық (қалалық – Астана, Алматы) кезеңдері 2014 жылғы 27 ақпанға дейін өткізіледі.

9. Конкурстың облыстық (қалалық – Астана, Алматы) кезеңінің өткізілуін білім басқармалары қамтамасыз етеді.

10. Облыстық кезең жеңімпаздарының Конкурстың республикалық кезеңіне қатысуы туралы шешімді облыстық әділқазылар алқасы қабылдайды.

11. Конкурс ішекті-ысқылы аспаптар сыныптары бойынша келесі жас санаттарының арасында өткізіледі:

1) кіші жастағылар тобы - 10 жасқа дейінгілер (9 жаста);

2) орта жастағылар тобы - 10-13 жастағылар (12 жаста);

3) ересек жастағылар тобы - 13-18 жастағылар (17 жаста).

12. Үрлемелі және соқпалы аспаптар сыныптарындағы білім алушылар үшін:

1) кіші жастағылар тобы - 11 жасқа дейінгілер (10 жаста);

2) орта жастағылар тобы - 11-14 жастағылар (13 жаста);

3) ересек жастағылар тобы - 13-18 жастағылар (17 жаста).

Қатысушының жасы ағымдағы жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша анықталады.

13. Ішекті-ысқылы аспаптар номинациясы бойынша қатысушыларға қойылатын конкурстық бағдарламалық талаптар: кіші жастағылар тобына қатысушылардың бағдарламасы музыка мектебінің V сынып оқушыларына арналған бағдарламалық талаптардан төмен болмауы керек, орта жастағылар тобына қатысушылардың бағдарламасы VI сынып оқушыларына арналған бағдарламалық талаптардан төмен болмауы керек, ересек жастағылар тобына қатысушылардың бағдарламасы VII сынып оқушыларына арналған бағдарламалық талаптардан төмен болмауы керек.

14. Үрлемелі және соқпалы аспап номинациясы бойынша кіші жастағылар тобына қатысушылардың бағдарламасы музыка мектебінің III сынып оқушыларына арналған бағдарламалық талаптардан төмен болмауы керек, орта жастағылар тобына қатысушылардың бағдарламасы IV сынып оқушыларына арналған бағдарламалық талаптардан төмен болмауы керек, ересек жастағылар тобына қатысушылардың бағдарламасы V сынып оқушыларына арналған бағдарламалық талаптардан төмен болмауы керек.

15. Кіші және орта жастағылар тобында конкурс 1 кезеңде, ересек жастағылар тобында 2 кезеңде өткізіледі. Конкурстың II кезеңіне қатысушылар санының жартысы ғана жіберіледі.

16. Ұжымдар конкурсы жеке орындаушылармен қатар өткізіледі. Қатысушылар саны: ішекті-ысқылы аспаптар ансамблі (8-12 адам), үрлемелі және соқпалы музыкалық аспаптар ансамблі (8-18 адам).

17. Қатысушылардың республикалық конкурсқа қатысу тәртібі 2014 жылғы 25 наурызда болатын жеребе бойынша анықталады.

4. Конкурсты өткізу мерзімі

18. Конкурс 2014 жылғы 26-29 наурызда Қарағанды қаласында өткізіледі.

Солистердің келу күні - 25 наурыз, ансамбль ұжымдарының келу күні – 27 наурыз, барлық қатысушылардың қайтатын күні - 29 наурыз (күннің екінші жартысы).

19. Конкурсқа қатысу туралы өтімдер білім басқармалары бастықтарының қолымен 1-нысанға сәйкес жолдануы қажет.

Конкурсқа қатысу туралы өтімдер, қатысушылардың конкурстық бағдарламалары, ұжым мүшелерінің тізімі мен балалардың туу туралы куәліктерін қоса 2014 жылғы 10 наурызға дейін қағаз және электронды түрде қабылданады.

Конкурсқа қатысушылар өздерімен бірге туу туралы куәліктерінің түпнұсқасын алып келуі қажет.

20. Қатысушылардың республикалық конкурсқа ұсынған бағдарламасы мен тәртібіне өзгеріс енгізуге рұқсат етілмейді.

5. Қатысушыларды марапаттау

21. Конкурс жеңімпаздары бас жүлде, I, II, III дәрежелі лауреат дипломдарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

22. Конкурс жеңімпаздары республиканың музыкалық бағыттағы арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау жөніндегі ұсыныстарға ие болады.

23. Республикалық конкурстың лауреаты болған қатысушылардың педагог-концертмейстерлері алғыс хаттармен марапатталады, қатысушылардың тіркелген педагог-концертмейстерлеріне сертификаттар беріледі.

24. Конкурстың әділ қазылар алқасы барлық дипломдарды бермеуге және жеке шығармаларды үздік орындағандарға грамоталар және жеке сыйлықтар тапсыруға құқылы. Әділ қазылар алқасының шешімі өзгертілмейді.

6. Конкурсты қаржыландыру

25. Конкурстың өңірлік кезеңдерін жергілікті атқарушы органдар қаржыландырады.

26. Конкурстың республикалық кезеңіне қатысушылар мен

жетекшілердің жолда жүру, тамақтану және жатын орындарының шығыстары жіберуші жақтың есебінен төленеді, конкурсты өткізу бойынша шығыстарды төлеу Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының есебінен жүзеге асырылады.

27. Іс сапары кезінде жетекші педагогтер мен концертмейстерлердің еңбек ақылары сақталады.

Приложение 1

Правила

проведения 48-го республиканского фестиваля-конкурса юных музыкантов – обучающихся детских музыкальных школ и школ искусств Республики Казахстан

Утверждены
приказом директора РГКП
«Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» МОН РК
от «_21_»25 февраля 2014 года
№ _____

1. Общие положения

1. Настоящие правила проведения 48-го республиканского конкурса юных музыкантов – обучающихся детских музыкальных школ и школ искусств определяют цель, задачи, порядок его проведения и финансирования (далее - Конкурс).

2. Конкурс организуется в целях развития и поддержки музыкально одаренных обучающихся и талантливых детских коллективов, стимулирования их творческой активности и профессиональной ориентации.

3. Задачи Конкурса:

воспитание эстетических, гуманистических и патриотических чувств юных музыкантов, личного интереса к традициям мировой и отечественной художественной культуры;

популяризация детского исполнительства на различных музыкальных инструментах, развитие и совершенствование коллективных форм музицирования и расширение возможностей обучающихся для самореализации, общественного признания;

развитие детских музыкальных школ и детских школ искусств, повышение их роли в воспитании, обучении и творческом развитии личности обучающегося;

развитие и укрепление профессиональных и культурных связей, повышение качества музыкально-педагогического образования в республике, содействие обмену опытом между коллективами и педагогами.

4. Конкурс проводится Республиканским учебно-методическим центром дополнительного образования по заказу Министерства образования и науки Республики Казахстан.

2. Участники Конкурса

5. Конкурс проводится среди обучающихся детских музыкальных школ и школ искусств республики **по классам струнно-смычковых, духовых и ударных инструментов**. В конкурсе принимают участие победители областных и городских (Астана и Алматы) конкурсов.

6. Количество участников конкурса от каждой области - 9 солистов, 2 коллектива: ансамбль струнно-смычковых инструментов (8-12 человек), ансамбль духовых и ударных инструментов (8-18 человек).

3. Порядок проведения Конкурса

7. Для подготовки и проведения республиканского этапа конкурса создается организационный комитет.

8. Этапы Конкурса:

1) конкурс солистов проводится в 3 этапа: школьный, областной (городской – Астана, Алматы) и республиканский.

Конкурс коллективов проводится в 2 этапа: областной (городской - Астана, Алматы) и республиканский.

2) областной (городской - Астана, Алматы) этап конкурса проводится до 27 февраля 2014 года.

9. Проведение областного (городского - Астана, Алматы) этапа конкурса обеспечивают управления образования областей, городов Астана и Алматы.

10. Решение об участии победителей областного этапа на республиканском этапе Конкурса принимает областное жюри.

11. Республиканский конкурс по классу струнно-смычковых инструментов проводится в следующих возрастных категориях:

1) младшая возрастная группа – до 10 лет (9 лет включительно);

2) средняя возрастная группа - с 10 до 13 лет (12 лет включительно);

3) старшая возрастная группа - с 13 до 18 лет (17 лет включительно).

12. Для обучающихся по классу духовых и ударных инструментов:

1) младшая возрастная группа – до 11 лет (10 лет включительно);

2) средняя возрастная группа - с 11 до 14 лет (13 лет включительно);

3) старшая возрастная группа - с 14 до 18 лет (17 лет включительно).

Возраст участников определяется по состоянию на 1 марта текущего года.

13. Конкурсные программные требования к участникам в номинации струнно-смычковых инструментов младшей возрастной группы не должны быть ниже программных требований для обучающихся V класса музыкальной школы, средней возрастной группы - не ниже VI класса, старшей возрастной группы - не ниже VII класса.

14. Конкурсные программные требования для обучающихся на духовых и ударных инструментах младшей возрастной группы не должны быть ниже программных требований для учащихся III класса музыкальной школы, средней возрастной группы - не ниже IV класса, старшей возрастной группы - не ниже V класса.

15. В младшей и средней возрастных группах конкурс проводится в 1 тур, в старшей - 2 тура. На II тур допускается не более половины количества участников.

16. Конкурс коллективов проводится одновременно с конкурсом солистов. Количество участников: ансамбль струнно-смычковых инструментов (8-12 человек), ансамбль духовых и ударных инструментов (8-18 человек).

17. Порядок выступления участников в конкурсе определяется путем

жеребьевки, которая состоится 25 марта 2014 года.

4. Сроки проведения Конкурса

18. Конкурс проводится в г. Караганде 26-29 марта 2014 года.

Дата заезда солистов – 25 марта, ансамблей – 27 марта, отъезда всех участников – 29 марта (вторая половина дня).

19. Заявки на участие в конкурсе необходимо направлять за подписью начальника управления образования согласно форме 1.

Заявки на участие в Конкурсе, программы выступлений участников, список членов коллектива и копии свидетельств о рождении принимаются до 10 марта 2014 года на бумажном и электронном носителях.

Участники должны иметь при себе свидетельства о рождении.

20. Программа и порядок выступлений участников конкурса изменению не подлежат.

5. Награждение Участников

21. Победители Конкурса награждаются дипломами лауреатов: гран-при, 1, 2, 3 степени и ценными призами.

22. Победители Конкурса получают рекомендации по зачислению в специализированные организации образования республики музыкального направления.

23. Педагоги-концертмейстеры, обучающиеся которых стали лауреатами республиканского конкурса, награждаются грамотами, зарегистрированным педагогам-концертмейстерам участников конкурса вручаются сертификаты.

24. Жюри конкурса имеет право не присуждать все дипломы, за лучшее исполнение отдельных произведений присуждать грамоты и отдельные призы. Решение жюри окончательно.

6. Финансирование Конкурса

25. Региональные этапы Конкурса финансируются местными исполнительными органами.

26. Оплата проезда, проживания, питания участников и сопровождающих республиканского этапа конкурса - за счёт направляющей стороны, расходы по проведению конкурса - за счет средств Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования.

27. Заработная плата сопровождающих педагогов, концертмейстеров во время командировки сохраняется.

